

Қ. Сарқытқан* , Д. Мәсімханұлы 

Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kaster0102@mail.ru

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақала Орталық Азия елдерінің қазіргі кезеңдегі геосаяси жүйесін экономикалық-географиялық, тарихи-саяси тұрғыда зерттеуді мақсат етеді. Сондай-ақ Орта Азия елдерінің геосаяси жағдайының қалыптасуы және бүгінгі экономикалық даму мәселелерін аймаққа ықпал етіп отырған әлемдік державалардың мәселен, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары, Үндістан Республикасы, Түркия Республикасы, Иран Ислам Республикасы және Ауғанстан Ислам Әмірлігінің ұстанымдары тұрғысынан қарастырады. Ортақ әрі сенімді нәтижеге жету үшін әлемдік деңгейдегі тілдерде (ағылшын, қытай, орыс және түрік тілдері) жарық көрген ғылыми, саяси әдебиеттер мен дерек көздерін өзара салыстыру негізінде талдау жасалынады.

Мақала аймақтағы елдердің қалыптасу тарихын, қазіргі жағдайын, даму болашағын зерттеу арқылы Орталық Азия аймағының ежелден көптеген елдердің саяси және экономикалық мүдделері тоғысқан аймақ екендігіне көз жеткізуге тырысады. Ол үшін зерттеу барысында тек Қазақстандық немесе аймақтағы елдердің ғылыми ортасының ұстанымы тұрғысынан емес, жалпы әлемдік масштабтағы ғылыми ортаның көзқарасымен сәйкестендіріп қарастыруды басты мақсат етіп алды. Зерттеу барысында тарихи, салыстыра талдау, математикалық, географиялық үлгілеу және тағы басқа да ғылым саласында кеңінен қолданылып жүрген әдістер қолданылды.

Орталық Азия аймағында әлемдік деңгейдегі ірі ойыншылардың мүдделері бүгін ғана тоғысып отырған жоқ. Олардың қызығушылықтарының тарихы ертеден бастау алатыны белгілі. Әрбір ірі ойыншы аймақтағы өзінің мүддесін жақтапғылыми зерттеулер жасайды және өз мүддесіне сай келетін ақпараттармен бөлісу мүмкіндігіне ие. Оның үстіне аймақ елдерінің де өзара байланысы күрделі. Қазіргі тұрақсыз әрі өзгермелі геосаяси жағдайда аймақ елдерінің ең басты құндылығы – саяси тәуелсіздікті сақтап қалуы болып отыр. Алайда, экономикалық жақтан өзге ірі елдерге тәуелді болып қалған Орталық Азия мемлекеттері бұл мақсатқа қалай жете алады? Мақалада соның жолы көрсетіледі.

Түйін сөздер: геосаясат, Орталық Азия елдері, мүдделер тоғысуы, экономикалық интеграция, саяси тұрақсыздық, мәңгілік тәуелсіздік.

K. Sarkytkan *, D. Massimkhanuly

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kaster0102@mail.ru

Central Asian countries: the intersection of economic and geopolitical interests historical development and current situation

The article aims to study the geopolitical system of Central Asian countries at the present stage in economic, geographical, historical, and political terms. It also considers the formation of the geopolitical situation and current economic development of the Central Asian countries from the point of view of the positions of the world powers that influence the region, such as the people's Republic of China, the Russian Federation, the United States of America, The Republic of India, the Republic of Turkey, the Islamic Republic of Iran and the Islamic Emirate of Afghanistan. To achieve a common and reliable result, an analysis is conducted based on a comparison of scientific, and political literature and sources published in world-class languages (English, Chinese, Russian, and Turkish).

The article seeks to make sure that the Central Asian region has long been a region where many countries' political and economic interests intersect by studying the history of the formation of countries in the region, the current situation, and development prospects. For this purpose, the study's main goal was to study not only from the point of view of the scientific environment of Kazakhstan or countries in the region but also from the vision of the scientific environment on a global scale. In the course of the

research, methods of historical, comparative analysis, mathematical, geographical modeling, and others were used, which are widely used in science.

The interests of major world-class players in the Central Asian region do not coincide only today. It is known that the history of their interests dates back a very long time ago. Each major player conducts academic research on its interests in the region and can share information that is relevant to its interests. In addition, the relations between the countries of the region are complex. In the current unstable geopolitical situation, the main value for the countries of the region is to maintain political independence. However, how can Central Asian countries, economically dependent on other major countries, achieve this goal? The article will outline the way forward.

Key words: geopolitics, central Asian countries, conflict of interests, economic integration, political instability, eternal independence.

К. Саркытқан*, Д. Масимханұлы

Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kaster0102@mail.ru

Страны Центральной Азии: пересечение экономических и геополитических интересов историческое развитие и современное состояние

Статья направлена на изучение геополитической системы стран Центральной Азии на современном этапе в экономико-географическом, историко-политическом контексте. Также вопросы формирования геополитического положения стран Центральной Азии и экономического развития на сегодняшний день рассматриваются с позиций мировых держав, оказывающих влияние на регион, таких как Китайская Народная Республика, Российская Федерация, Соединенные Штаты Америки, Республика Индия, Турецкая Республика, Исламская Республика Иран и Исламский Эмират Афганистан. Для достижения общего и достоверного результата проводится анализ на основе взаимного сравнения научной, политической литературы и источников, изданных на языках мирового уровня (английский, китайский, русский и турецкий языки).

Исследуя историю становления, современное состояние, перспективы развития стран региона, авторы стремятся убедить, что Центрально-Азиатский регион с давних времен является регионом, где пересекаются политические и экономические интересы многих стран. Для этого в ходе исследования была поставлена главная цель не только в контексте позиции научной среды Казахстана или стран региона, но и в сопоставлении с точкой зрения научной среды в общемировом масштабе. В ходе исследования были использованы методы исторического, сравнительного анализа, математического, географического моделирования и др.

Интересы основных игроков мирового уровня в Центрально-Азиатском регионе совпадают не только на сегодняшний день. Известно, что история их интересов берет свое начало с давних времен. Каждый крупный игрок проводит научные исследования своих интересов в регионе и имеет возможность делиться информацией, отвечающей его интересам. Более того, у стран региона сложна взаимосвязь. В нынешней нестабильной и изменчивой геополитической ситуации главной ценностью стран региона является сохранение политической независимости. Но как могут достичь этой цели государства Центральной Азии, ставшие зависимыми от других, помимо экономических, крупных стран? В статье будет указан путь.

Ключевые слова: геополитика, страны Центральной Азии, конфликт интересов, экономическая интеграция, политическая нестабильность, вечная независимость.

Кіріспе

Қазіргі әлемдік геосаяси жүйеде ықпалды елдер саналатын Қытай Халық Республикасы (Қытай, ҚХР), Ресей Федерациясы (Ресей), Америка Құрама Штаттары (АҚШ), Үндістан Республикасы (Үндістан), Түркия Республикасы (Түркия), Иран Ислам Республикасы (Иран) және саяси тұрғыда шиленісті аймақ саналатын Ауғанстан Ислам Әмірлігіде (Ауғанстан) осы Оралық Азия аймағына қатысты ықпалдастыққа

ие елдер. Бұл елдердің қай-қайсысы да әлемдік экономика мен саясатта алатын орны мен рөлі ерекше маңызды саналады. Мысалы, Қытайды кешенді түрде зерттеу жаңа тарихи кезеңдегі Оралық Азия елдерінің ұзақ болашақтық дамуы үшін маңызды шара. Әлем елдері өздерінің бүгіні мен болашақтағы экономикалық-әлеуметтік және саяси мәселелерін Қытайтанумен байланыстыра зерттеп отыр. Сондықтан Оралық Азия елдері үшін Қытайды жан-жақты зерттеуі заман талабы болып табылады.

Ресей Федерациясы аймақ үшін саяси, әскери және экономикалық тұрғыдан аса маңызды мемлекет. Кеңес Одағының мұрагері саналатын бұл ел тәуелсіз Орталық Азия елдерін әлі де өзінің құрамынан алыстатқысы келмейді. Ол үшін Кремль аймақ елдерімен қатынаста мемлекет басшыларының жеке мүдделерін Ресей мүдделерімен тиімді байланыстарын отыр. Мысалы, «Газпром» мен Нұрсұлтан Назарбаевтың отбасы арасындағы байланыстарды, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтің ресейлік олигарх Әлішер Усмановпен байланысын, ресейлік кәсіпкер Игорь Макаровтың Ашхабадпен қатынасын айтуға болады (Maximilian Hess. 2020). Оның үстіне ұлттық өндірісі нашар дамыған аймақ елдері Ресей экономикасына тікелей бағынышты да. Мәселен, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан азаматтары Ресейге барып, жұмыс істеп өз отбасын ғана асырап қалмастан, елдің жалпы ішкі өніміне де үлес қосып келеді. Тіпті, аймақтағы ең мықты ел саналатын Қазақстан экономикасы да 40 % Ресей экономикасына тәуелді. Басты сауда серіктесі болғандықтан елдердің ұлттық валютасының бағамы да рублдың әлеуетіне байланысты. Бұл «тәуелділіктің» нақты көрінісін Ресейдің Украина жеріне басып кіруіне орай, қалыптасқан Батыс елдерінің Ресейге салған санкцияларының салдарынан рублдың құлдырауына байланысты Орталық Азия елдерінің экономикасының қиындап, инфляцияның өсіп, ұлттық ақшасының құнсызданғанынан көруге болады. Бұдан басқа, Ресейдің Украина мемлекетіне әскери шабуылға өтуі, Орталық Азия елдерінің саяси тұрақтылығы мен тәуелсіздігіне айрықша қауіп төндіре бастады. Себебі, әлемдік қауымдастық пен халықаралық келісімдерді аяқ асты етіп, тәуелсіз елдің аумағына басып кіру аймақ елдерін қатты алаңдатып отыр.

Орталық Азия аймағына әсер етуші сыртқы күштердің ішінде Америка Құрама Штаттарының ықпалы егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап қалыптасты. Кеңес Одағын ыдыратуда үлкен рөл атқарған АҚШ-ның аталмыш аймақтағы тәуелсіз елдермен арадағы байланысты нығайтуында өзіндік саяси мақсаттың болғаны анық. Оны Америка Құрама Штаттарының осы аймақтағы басты ұстанымынан аңғаруға болады. Онда Штаттардың стратегиялық мүддесі – саяси, экономикалық және қауіпсіздік мүдделерін әр түрлі серіктестермен өз шарттарымен жүзеге асыруға еркін, неғұрлым тұрақты және гүлденген Орталық Азияны құру - делінген

(United States Strategy for Central Asia 2019-2025. 2020) Әсіресе, АҚШ әскерілерінің Ауғанстанға келуімен Орталық Азия елдерімен арадағы қарым-қатынас барынша жандана түсті. Алайда, Батыс және АҚШ -пен арадағы байланыстың дамуы Ресей мен Қытай үшін тиімді емес еді. Сондықтан Еуразиялық экономикалық одақтың іргетасының қалануы және «Бір жол, бір белдеу» стратегиясының ортаға қойылуы аймақ елдерінің Батыспен арадағы қалыптасып, дамып келе жатқан көп жақтылы қарым-қатынастың дамуына тосқауыл болды. Соңғы жылдары, әсіресе, 2021 жылы АҚШ-тың Ауғанстаннан әскерілерін шығаруы, бұл аймаққа қаратқан «қызығушылығының» біртіндеп азайып бара жатқанын көрсетеді. Алайда, АҚШ аймақ елдеріне Ресей мен Қытайдың қыпалының артуында қаламайды.

Орталық Азия аймағындағы 5 елдің Тәжікстаннан басқасы түркі тілдес республикалар. Олардың экономикалық дамуы мен саяси тұрақтылығына Түркия Республикасының зор қызығушылығы бар. Сондықтан түркі тілдес елдерінің көшбасшысы саналатын Түркияның аймақ елдерімен көп жақтылы қарым-қатынасы жыл өткен сайын дамып келеді. Бұлай болуына Түркияның да өзіндік мүддесінің бары анық. Алайда, түркі тілдес елдердің ынтымақтастығы әсіресе, аймақ елдерінің тәуелсіздігін баянды етудегі маңызы зор. Оған «Түркі кеңесінің» мәртебесінің «Түркі тілдес елдер ұйымына» айналғаны дәлел болады.

Аймақтағы келесі маңызды ойыншы ол – Иран Ислам Республикасы. Бұл мемлекет аймақ үшін тарихи қарым-қатынасы ежелден дамыған көршілес ел. Алайда Батыс елдерінің экономикалық санкцияларының әсерінен экономикалық және әскери-саяси тұрғы да өзге елдерге қарағанда аймақ елдері үшін аса күшті әсер етіп отырған жоқ. Деседе, саяси тұрақтылық үшін маңызды мемлекеттің бірі.

Аймақ үшін тағы бір жаңа әсер етуші ел – Үндістан. Үндістан әлемдегі экономикасы жақсы дамыған елдердің бірі әрі халық саны аса мол, үлкен тұтыну нарығы. Оның үстіне Оңтүстік бағыттағы маңызды логистикалық-көліктік тасымал мүмкіндігі зор мемлекет. Сондықтан Үндістанмен арадағы байланыстың дамуы Орталық Азия елдері үшін тағы бір мүмкіндік пен дамудың бағыты деп қарауға болады.

Аймақтағы келесі әсер етуші ел – Ауғанстан. Ол саяси тұрғыда шиленісті, тұрақсыз болуымен аймаққа қатер төндіруші мемлекет сана-

лады. Оның билік партиясы – талибандарды көптеген елдер заңсыз ұйым ретінде таниды. Алайда, АҚШ әскерілерінің кетуімен билікке келген олар аймақ үшін тұрақсыздық тудыратын фактор ретінде қарастырылып отыр. Бірақ, экономикалық жақтағы дағдарыс талифтердің аймақ көлемінде әрекет етуіне мүмкіндік бермей отыр. Деседе олардың қалыптасқан қатаң ұстанымы бар екенін ескергенде, уақыты келгенде әрекет ету мүмкіндігі бар екенін теріске шығара алмаймыз.

Зерттеу материалдар мен әдістері

Мақалада зерттеу мазмұны мен міндеттерін орындау мақсатында алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Мысалы, Максимилиан Гесс (Maximilian Hess) еңбектерінде Ресейдің Орталық Азия елдерімен саяси-экономикалық байланыстарының көп қырлы, астарлы жақтары ашып көрсетіледі. Ақметжанов Д. Алимжанова А. еңбектерінде Кіші Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың даму тарихы қарастырылған. Ашок Саджанхар (Ashok Sajjanhar) мақаласында Орталық Азияның экономикалық қатынастарындағы Ресей мен Қытайдың интеграциялық даму жағдайы зерттелген. Ал қытайлық ғалымдар Ма Нитайо мен Sun Zhanның зерттеулерінде «Ұлы жібек жолының» тарихи дамуы мен қазіргі «» Орталық Азия елдері мен айналасындағы ірі елдер мен экономикалық және саяси ұйымдар бір жол, бір белдеу» стратегиясын салыстыра талдап көрсетеді. Түрік ғалымдары Бейтс Гилл пен Өзей, Р қарастырғаны – Түркі тілдес елдердің, әсіресе Орталық Азия елдерінің табиғаты мен табиғи ресурстары және олардың мөлшері мен географиялық таралуы зерттелген. Отандық ғалымдар Р.Құрманғожин мен А.Әдібаеваның зерттеулерінде Орталық Азия елдерінің өзара қарым-қатынасы мен қайшылықтары айқындалған. С. Хантер (S. Hunter) пен К.В. Марковтың (K.V. Markov) еңбектерінде Иранның Орталық Азия елдерімен және АҚШ-пен қарым-қатынастары талданған. Мақалада бұдан өзгеде ғалымдардың еңбектері мен шетелдік және отандық дәйек көздері мен статистикалық мәліметтер, интернет ресурстары пайдаланылды. Қорыта айтқанда, мақаланы зерттеп жазу барысында аймақтағы елдердің өзара қарым-қатынастары мен оларға әсер етуші елдердің геосаяси мүдделер тоғысындағы

шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен пайдаландық әрі алға қойған мақсатқа жету үшін зерттеу барысында мұрағаттық, тарихи, баяндау, экономикалық-статистикалық және географиялық-үлгілеу сондай-ақ салыстырмалы талдау әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Ұлы Жібек Жолының гүлденуі кезеңінде (VII-X ғасырларда) қазіргі Орталық Азия аумағында орналасқан мемлекеттер Қытай мен Византияны, араб әлемі мен түркі дүниесін өзара байланыстырып, Еуразияның транспорттық көпір қызметін атқарып келді. Сол дәуірлерде Қытай аймақтың (Орталық Азияның) сыртқы экономикасының локомотиві және ғылым мен технологиясының көзі болып саналды. Алайда ұлы географиялық ашулар дәуіріндегі (XVI ғасыр) теңіз тасымалының дамуы Ұлы Жібек Жолы қалыптастырған әлемдік сауданың құрлықтық жолын теңіз жолдарына ауыстыра бастады. Теңіз транспортының арзан болуы, оның үстіне құрлық жолының шалғайлығы мен жол бойындағы қауіп-қатерлердің болуы құрылықтағы жолдың маңызын төмендетті. Нәтижесінде Орталық Азия әлемдік сауда желісінен біртіндеп тыс қала бастады. Бұл жағдай аймақтың экономикалық-географиялық тұрғыда оқшаулануына алып келді. Алайда ұзындығы 7 мың шақырымнан асатын сауда жолының Кіші Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасындағы экономикалық және мәдени байланысты дамытуда маңызының зор болғандығы анық (Ақметжанов Д. Алимжанова А. 2019).

Орталық Азияның XIX ғасырдың екінші жартысында толықтай Ресей империясының құрамына кіруіне байланысты өңірдің Қытаймен экономикалық байланыстары әлсіреп, Ресеймен қатынасы біртіндеп нығая түсті. Бұл өзгеріс экономикалық-географиялық тұрғыда оқшауланып қалған Орталық Азияның экономикалық байланыстарын қайтадан дамытуына мүмкіндік алып берді.

Патышалық Ресей империясының күйреуімен ресейлік-орталық азиялық экономикалық байланыстардың ұстамды жаңа кезеңге яғни Кеңес Одағы құрамындағы одақтас республикалар қарым-қатынасына аяқ басты. Бұл тарихи кезеңде Орталық Азия елдерінің экономикасында қарқынды даму басталды. Аталған кезеңдерде Қытай мен Орталық

Азияның экономикалық байланыстары іс-жүзінде іске аспады. Тек, 1991 жылы Кеңестер Одағы ыдыраған соң, оның құрамындағы елдер тәуелсіздіктерін алып, дербес экономикалық саясат жүргізе бастады. Оның үстіне Ресейдің Кеңес Одағының мұрагері ретіндегі Орталық Азияның экономикалық дамуының локомотиві болудан біртіндеп қала бастауы тәуелсіз 5 мемлекеттің біртіндеп Қытаймен арадағы экономикалық қатынастарды дамытуына жол ашты (Ashok Sajjanhar. 2021).

Осы тұста Орталық Азияның экономикалық-географиялық жағдайына аз-кем тоқтала кетейік. Аймақ – Еуразияның орталығында географиялық тұрғыда маңызды стратегиялық орында орналасқан. Аймақтағы елдер Азия мен Еуропаны, Тынық мұхиты мен Атлант мұхитын жалғайтын маңызды көлік инфрақұрылым аймағы. Оның үстіне тарихтан бері қалыптасқан «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» торабы. Бес елдің жалпы жер аумағы 4,0017 млн км², 2018 жылғы мәлімет бойынша халық саны 72,4994 млн. адамды құрайды. Халық саны аз, тығыздығы 18,47 адам/км². Экономикалық даму деңгейі орташа, әрі нарықтық әлеуеті шағын. Қала халқы 34,915 млн адам болып, урбанизация деңгейі 48,16%. ЖІӨ көлемі 277,420 млрд АҚШ доллары, жан басына шаққандағы ЖІӨ 3826,45 АҚШ долларын құрайды. Аймақ елдері ішінде Қазақстан аумағы жағынан ең ірі ел болып, жалпы аймақ территориясының 68,09 % иелейді. Халық саны жағынан Өзбекстан ең үлкен ел. Жалпы аймақ халқының 45,46%-ын құрайды (Ma Haitao Sun Zhan. 2021).

Орталық Азия табиғи ресурстары аса бай өлке. Әсіресе мұнай, табиғи газ бен қара, түсті және қымбат металлдар қоры мол. Кеңестер Одағының ыдырауы саяси тәуелсіздікке ие еткенімен, экономикалық тұрғыда қиындықтарды ала келді. Осы кезеңде Қытай нарықтық экономикалық қатынастарға өтіп, біртіндеп дамудың жолына түсіп келе жатқан болатын. Ол үшін басты қажеттіліктер – шикізат базасы, тұтынуарығы және транзиттік елдерді табу болатын. Экономикалық – әлеуметтік тұрғыда дағдарысты күйде тұрған Орталық Азия елдеріне тұрмыстық және өндірістік заттар мен құрал-жабдықтар аса қажет еді. Тарихи қажеттілік пен сәйкестілік Қытай мен Орталық Азия елдерін біріктіре түсті. Бұл қарым-қатынаста Қытай өте табысты жұмыс жасады. Өкіметтің қолдауына ие болған қытайлық орташағын және ірі кәсіпорындарының тұрмыстық

тауарлары, киім-кешектері мен техникалары, өндіріс құрал-жабдықтары жаппай Орталық Азия елдеріне, Ресейге олар арқылы Иран мен Батыс Азия нарығына жетті. «Төмен баға саясатын» ұстаған қытайлық кәсіпорындар арзан тауарларымен аталған аймақтарды жаулай бастады. Нәтижесінде Орталық Азия елдері біртіндеп Қытайдың экономикасына шырмалып, өздерінің ұлттық өндірісін дамытуға мүмкіндік ала алмай қалды. Алғашында пайдалы қазбаларға бай ел Қазақстан Қытайдан мол қарыз алып, мұнай кеніштерін қытай компанияларының басқаруына өткізсе, біртіндеп, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан елдеріде осындай үдеріске өте бастады. Осылайша аймақ елдерінің экономикасы біртіндеп Қытайдың қаржы, техника және жұмыс күшіне тәуелді күйге түсті.

Геосаяси тұрғыдан алып қарағанда, ҚХР-дың Орталық Азиядағы қаратқан экономикалық саясаты – Қытайды экономикалық жаһандану мен әлемдік геосаясаттағы маңызды ойыншыға айналдырудың стратегиялық жоспарының маңызды бір саласы еді. Өйткені, бұл стратегия Қытайдың нарықтық экономикаға өткен кезінде қарастырылған, тек уақытын күткен жоспар болатын. Мысалы 1990-шы жылдардың бірінші жартысында Қытайдың жаңа қалыптасқан мемлекеттермен сауда байланыстары негізінен сауда-саттықпен шектелді. Алайда, 1990-шы жылдардың соңынан бастап, Қытай аймаққа экономикалық бағытта кіру үшін бірқатар мақсатты және маңызды қадамдар жасады. Бұл кезеңде Қытай өзінің үш экономикалық өңірінің (Шығыс, Орта және Батыс экономикалық өңірі) ішінде Батыс өңірін игерудің кезегі келген болатын. Бұл стратегиялық жоспар – «Батысты жаппай игеру» деп аталды. Сондықтан Орта Азия аймағының мол ресурстық әлеуетін осы «Батысты игеруге» пайдалану жоспары болды.

Қытай Орталық Азия елдерімен жақын көршілік мүмкіндікті тиімді пайдаланып, аймақтың шикізатын Шынжаң Ұйғыр Автономиялы Ауданын (Шынжаң немесе Синьцзян) индустрияландыруда қолдануға және өзінің өнімдерін осы аймаққа өткізу арқылы өзінің батыс шекара аймағындағы экономикалық жағдайын жан-жақты қамтамасыз етуге ұмтылды. Нәтижеде Шынжаң ірі сауда-логистикалық хабына айналып, қытайлық-орталық азиялық сауданың 60-70% қамтитын ауқымды көлемге жетті. Бұл барыста Қытай тек, экономикалық мүддесін ғана көрсетіп қалмастан, аймақтағы геосаяси қауіпсіздігінде маңызды орынға қоя білді.

Бұл әсіресе ұйғыр, тибет, моңғол секілді бодан халықтың тәуелсіздікке ұмтылысы болады деген қауіптен басталғаны белгілі. Осы мақсатта өзара сенім мен ықпалдастық тұрғысынан бір мақсатқа жұмыс істеуі үшін «Шанхай бестігі» сынды ұйымдарды өмірге әкелді. Осылайша Қытай аймақ елдерін жан-жақтылы өз ықпалының аясына ала бастады (Bates Gill. 2003) Қытай нарыққа өткен 1979 жылдан бері ішкі жалпы өнімді 9-11% аралығында дамып отырды. Экономикалық өсу өз кезегінде энергияны тұтыну көлемін де арттырды. Бұл Қытайды сыртқы ресурс аймақтарын белсенді іздеуге мәжбүр етті. Осындай сұраныстың нәтижесінде Қытай өзінің сыртқы энергетикалық стратегиялық даму тұжырымдамасын әзірледі. Бұл тұжырымдаманың негізгі бағыттары төмендегідей:

- импортталушы шикізат түрлерінің, мұнай импортының, сонымен қатар, оны тасымалдаудың формалары мен бағыттарын диверсификациялау;
- басқа елдерде көмірсутек кеніштерін өңдеуді іске асыруда қытай компанияларын қатыстыру;
- атом энергетикасы саласында Ресей және Франциямен алдағы техникалық әріптестікті жалғастыру. Аталған сыртқы экономикалық стратегияда Орталық Азияның рөлі зор еді. Қытай өзінің энерго ресурстарын Орталық Азия өңірі арқылы қамтамасыз етуге жаңа ғасырдан бастап айрықша кірісті.

Алайда, бұл жерде Қытайдың Орталық Азия елдер нарығына енуі тек энерго ресурстарын пайдалану ғана емес, сонымен бірге, аймақтағы Ресей мен АҚШ-тың ықпалына қарсы өзіндік позицияны қалыптастыру үшін де керек болды. Өйткені, ХХІ ғасырдың басталуымен АҚШ-тың Орталық Азиямен қарым-қатынасы нығая түскен болатын. Қытайдың өңірге экономикалық кірігу саясатының нәтижесінде 1992-2011 жылдардың ағымында аймақ елдерінің Қытаймен сауда қатынастарының көлемі 40 – 50 есеге артты. Бұл үлкен жетістік болатын. Себебі, 1991 жылы аймақтағы елдермен ҚХР-дың тікелей сауда байланыстары мүлде төмен болаты. Ал ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында сыртқы сауда қалыптасып, аймақ елдерінің ұзақ жылғы, сенімді сауда әріптесі Ресеймен арадағы сауда мөлшермен теңесті.

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық мүддесі соңғы жылдары мұнай-газ саласынан бөлек, электро-энергетика, транспорт пен

телекоммуникациялар, құрылыс және түсті металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп салалары бойынша дами бастады. Бұрын Қытай көмірсутек қорларына бай елдерге инвестиция салса, енді энергетикалық ресурстарға бай емес Тәжікстан мен Қырғызстанға да, мұнай мен газдың қорларына ие, бірақ, оларды экспорттау бойынша жоғары мүмкіндіктерге ие болмаған Өзбекстан экономикасына да инвестиция салуда. Қазіргі кезде Қытай мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынасы жыл өткен сайын тереңдеп барады. Соның бір көрінісі 2022 жылы 25 қаңтар күнгі онлайн форматта өткен «Орталық Азия және Қытай» саммитін айтуға болады. Іш-шарағаалты елдің мемлекет басшылары толық қатысты. Аймақ елдері мен Қытай арасындағы сыртқы сауда 2021 жылы 17 миллиард АҚШ долларына жеткен. 30 жыл көлемінде Қытай аймақ елдеріне 40 миллиард АҚШ доллары инвестициясын құйған, оның жартысы Қазақстанға тиесілі. Ал Қазақстан 2025 жылға дейін Қытайға 135 түрлі тауар түрін экспорттауға және арадағы көлік-транзит бағыттарын дамыту мақсатында 20 миллиард доллар инвестиция салмақшы. Қазіргі таңда Орталық Азия елдері үшін Қытаймен арадағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытудағы басты бағыттары: цифрландыру, жасыл технология және инновация. Себебі бұл салалар Қытайда табысы түрде дамыған салалар болып табылады (www.akorda.kz/gu25 января 2022 года).

Қытаймен қарым-қатынас дамып отырған осындай тарихи кезеңде, Үндістанмен де байланыс жаңа даму деңгейіне көтеріліп келеді. Оған «Орталық Азия + Үндістан» бағдарламасы мысал бола алады. Үндістан Орталық Азия елдеріндегі мол мүмкіндікке (Ресурстық, транзиттік және т.б.) қызығушылық танытып отыр.

Үндістанның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) соңғы жылдары тұрақты түрде жылдық 7% көрсеткішпен өсіп келеді. Ол – адам ресурстарына бай және ақпараттық технологиялар саласындағы жетекші елдердің бірі. Үндістан экономикалық дамуына байланысты айналасындағы елдерге сыртқы саяси ықпалын да артырып келеді. Соның ішінде Орталық Азия елдері де бар. Қазіргі уақытта Үндістан үшін Орталық Азия елдері өркениет, мәдени және тарихи аспектілер тұрғысынан ғана маңызды емес, геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңызды болып отыр.

Үндістан Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастары бар, алайда жоғары деңгейде емес. Мысалы, 2020

жылы Орталық Азия мен Үндістан арасындағы тауар айналымы 3 млрд АҚШ доллары болған. Бұл Үндістанның сыртқы сауда айналымының 1 % де жетпейді. Бұның ішінде Қазақстанның үлесі 80 % құрайды. Орталық Азия мен Үндістан арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамытудың мүмкіндігі зор. Ол үшін көліктік транзитті дамыту қажет. Оған Орталық Азияның әлеуеті жетеді. Мәселен, Қазақстаннан өзінде 12 халықаралық дәліз өткелі бар. Оның үстіне «Ақтау» және «Құрық» порттары арқылы жылына шамамен 26 млн тонна жүк тасымалданып, Каспий теңізі жағалауындағы елдер мен Түркияға одан әрі батысқа бағыт алады. Қазақстан осындай мүмкіндікке жету үшін соңғы 10 жылда ұлттық көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 30 млрд доллар инвестиция құйды. Егер сауда-экономикалық платформасы құрылса, Қазақстан Үндістанға құны 600 млн АҚШ доллары болатын 80-нен астам тауар түрін экспорттауды жоспарлап отыр. Ал Қазақстан Үндістанның цифрландыру, телекоммуникация мен электронды өнеркәсіп, электронды техника саласындағы жетістіктерімен ортақтасқысы келеді. Бұдан алдағы уақытта Үндістан мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыстың дамитындығын байқауға болады. Осы тұста Үндістан мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастарының дамуында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) септігі тигенін айта кету артықтық етпес. 2017 жылы 8-9 маусымда Қазақстанның астанасында ұйымға мүше мемлекеттердің басшылары кеңесінде Үндістан Республикасына мен Пәкістан Ислам Республикасы мүшелікке қабылданды. (Қазіргі уақытта ұйымда 8 мемлекет мүше) (strategy 2050.kz)

Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері аймақта Үндістан секілді іргелі елдің болуына қарсы емес. Оның да өзіндік себептері бар. Бастысы – аймақ елдері ашық-нарықтық экономикалық қатынаста болғандықтан экономикаларын әртараптандырып келеді. Екіншіден, Үндістанның ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, қызмет көрсету салаларындағы тәжірибесі бар. Үшіншіден, Орталық Азияның транзиттік маңызын арттыруда Үндістанның рөлі зор. Төртіншіден, аймақтағы ірі мүдделі елдер арасындағы теңдікті сақтауда, жаңа ойыншылардың болуы тиімді.

Алайда Орталық Азия елдерінің маңызды ресурстары саналатын мұнай және газ ресурстарын өңдеуде Үндістан жетекші елдердің бірі болып табылмайды. Бұл Үндістанның Орталық

Азиямен іскерлік қатынасын дамытудағы – энергия ресурстарына деген қажеттілікті қарастыру мақсатына сай келмейді. Орталық Азияның мұнай және газ ресурстарын өндіруге бұрыннан ат салысып келе жатқан ресейлік, қытайлық және батыстық компаниялар Үндістанға орын босатуы мүмкін емес. Алайда, Үндістан мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық үшін дәстүрлі және жаңа форматтағы кең мүмкіндіктер бар. Мәселен: су энергиясы, Каспий теңізінің ресурстары, ядролық энергетика, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану технологиялары, ақпараттық технологиялар, білім беру және бірлескен зерттеу бағдарламалары, кәсіпкерлік, инновация, медицина, мәдениет және туризм секілді салалар бойынша.

Кезекте Орта Азия мен Түркия немесе түркі тілдес елдер ынтымақтастығының аймақтығы геосаяси жағдайға жасайтын әсеріне тоқталайық. Орта Азия Республикалары жер асты ресурстарының алуан түрлілігі мен қоры жағынан орасан зор байлыққа ие екенін жоғарыда атап өттік. Алайда, аймақтағы мемлекеттердің ресурстары түрі мен қоры бойынша әлеуеті әрқелкі. Бірақ, елдерде ресурстарды пайдалануда түрлі мәселелер бар. Ал бұл мәселелер елдер арасындағы әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси, технологиялық қиындықтарды тудыруда ортақ сипат алып келеді. Жер асты ресурстарын бағалау мен пайдаланудағы біртектіліктің болмауы аймақтың өз ішіндегі геосаяси мәселелерінің қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Әлем елдері әртүрлі критерийлер бойынша саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени топтарға жіктеледі. Сондай критерийлердің бірі – мемлекеттердің тікелей теңізге шыға алуы немесе алмауы. Бір елдің теңізге жалғасуы сол елге көп жағынан артықшылық береді. Өйткені жағалау сызығы бар ел өз ресурстарын тікелей әлемдік нарыққа шығару арқылы, ұлттық байлығына айналдыра алады. Ал теңізге шыға алмайтын елдер өз ресурстарын әлемдік нарыққа шығару үшін көрші елдерге тәуелді болады. Бұл тәуелділіктен Орталық Азия Республикалары да зардап шегуде. Бұл олардың геосаяси тұрғыда өз тәуелсіздіктерін барынша нығайта алмауына басты себеп болып отыр. Мұндай жағдайдағы мемлекеттер геосаясатта «жабық ел» ретінде анықталады.

Түркі тілдес елдер орналасқан аймақтың ортақ белгісінің бірі – жер асты байлығы жағынан бай қорының болуы. Каспий маңы ойпатында орналасқан Әзірбайжан, Қазақстан

және Түркіменстан стратегиялық эллипс шегінде орналасқан. Аталмыш аймақ әлемдегі мұнай және табиғи газ қорларының ең бай жері ретінде танылған (Тимор, 2000). Мысалы Шынжаң жерінде Қытайдың жалпы кеніштерінің 85 пайызы орналасқан. Соның ішінде мұнай мен табиғи газдың қоры аса мол. Көмір ресурстары бойынша Қытайдың 1600 миллиард тонна көмір қорының жартысы Шынжаңда орналасқан. Сонымен қатар, Шынжаңда жалпы қоры 1 миллиард тоннаға жуық темірдің және бай алтын кен орындары бар (Özey, R. 2006).

Қырғызстанға келер болсақ: металл кендеріне бай ел. Онда церий, диспрозия, эрбий, гадолиний, гольмий сияқты сирек және бағалы металл кен орындарының 14 түрі бар. Жылына 80 тонна шамасында алтын өндіреді. Қырғызстан дүниежүзілік сурьма және сынап өндірісінің 13% және 11% иедершілік етеді. Бұлардан басқа, көмір, шикі мұнай, табиғи газ, уран, мырыш, қалайы және вольфрам сияқты стратегиялық маңызды жер асты ресурстары бар.

Қазақстан. Қазақстанның жер асты байлығы орасан мол. Энергетикалық ресурстарын қоспағанда, металл және бейметалл кен байлықтары бойынша әлемнің алдыңғы қатарына тұрады. Мысалы: вольфрам бойынша бірінші, хром мен марганец бойынша екінші, бор бойынша үшінші, молибден мен фосфат бойынша төртінші, мыс қоры бойынша 7-ші орында. Уран өндіру жөнінен бірінші орында. Жылына 30 тоннаға жуық алтын өндіре алатын алтын қоры бар әлемдегі санаулы елдердің бірі. Сонымен қатар, көмір, темір кен орындарының байлығы да аса мол.

Өзбекстан. Өзбекстанның ең маңызды жер асты байлығы – табиғи газ. Одан соң алтын кеніші. Өзбекстан жылына 75-80 тонна алтын өндіретін әлемдегі маңызды алтынға бай елдің бірі. Қызылқұмда табылған уран кені әлемдегі ең бай қорлардың бірі болып саналады. Өзбекстан уран өндіруден әлемде 7-орында және мыс өндіруден 20- орында тұрады.

Түрікменстан. Түрікменстан Орталық Азиядағы Республикалар арасындағы табиғи ресурстарға жағынан аса алуандығы жоқ ел. Дегенмен, Түркіменстан табиғи газ бен мұнай қоры бойынша әлемдегі ең маңызды резервтік аймақтардың бірі болып табылады.

Түркі тілдес елдердің өзара ынтымақтастығы жыл өткен сайын дамып келеді. Нәтижесінде 2021 жылдың қараша айында Ыстамбұлда өткен саммитте «Түркі кеңесі» өзінің атын «Түркі

мемлекеттері ұйымы» деп өзгертті. Осы саммитте Түркіменстан бақылаушы мәртебесін алды. (<https://www.turkkon.org>). Кеңестің «ұйым» мәртебесін алуы оның алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, достық байланысты артыруға септігін тигізері анық. Алайда, түркі халықтарының басының қосылуы айналасындағы ірі геосаяси ойыншылардың көңілінен шықпасы анық. Бірақ, ынтымақтастық түркі тілдес халықтар үшін керек. Деседе, осы түркі тілдес елдердің, әсіресе Орталық Азия аймағындағы елдер арасында өзара түсінбеушіліктер бар. Мысалы, этникалық, шекара дауы, жер тапшылығы және климаттық су ресурстарына болған талас-тартыс мәселелер (R. Kurmanguzhin, A. Adibayeva. 2019). Бұл мәселелер кезінде КСРО-ның халықты қоныстандыру, автономиялық республикалардың шекараларын белгілеудегі әдейі бұрмалау саясатының салдары. Соның нәтижесінде Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы, Өзбекстан мен Қарақалпақстан арасындағы кикілжіңдер күні бүгінге дейін сақталып келеді (M.R. Djalili. 2008).

Орталық Азияның Иранмен қарым-қатынасына келер болсақ, оны екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезең Кеңес Одағы кезі. Бұл кезеңде Иран Ислам Республикасы социалистік Кеңес Одағымен, батысшыл Түркиямен және әсіре діни ұстанымға ие Пәкістан арасындағы буферлік мемлекет сипатына ие болды (S. Hunter, 2003) Екінші кезең Кеңес Одағының ыдырауымен басталды. Діни-мәдени және тілдік сәйкестікке байланысты Иран мен аймақтағы елдер арасындағы қарым-қатынас алғашқы кезде біршама жақсы дамуға ие болды. Оның астарында Орталық Азия мемлекеттерінің Иранмен серіктестік арқылы, Ресейдің ықпалынан құтылуға, экономиканы әртараптандыруға және оңтүстікте ашық теңіздерге шығуға тырысу сынды саясаты жатты. Кеңес Одағы жылдарында Иран Орталық Азияның түркі-мұсылман және өзімен тілдес Тәжікстанмен жақын қарым-қатынас орната алмады. Оның басты себебі Каспи теңізі кеңістігінде ол тікелей Ресеймен және Орталық Азия елдерімен шектесіп жатты. Оның үстіне Кеңес Одағының күшті әскери және экономикалық, ғылым-техникалық әлеуеті Иранды үнемі одан сақсынып жүруге мәжбүр етті. Одақтың ыдырауы сол «сақтықты» ұмыттырып аймақ елдерімен еркін байланыс жасауға және Каспи теңізін барынша пайдаланып қалуға мүмкіндік берді (Dmitry Shlapentokh.

2013). Бірақ ислам революциясының әсерінен сақтануды көздеген аймақ елдері онымен қарым-қатынас орнатудан өте сақтық танытты. Оның үстіне АҚШ-тың әсері де Иран мен аймақ елдері арасындағы қарым-қатынастың дамуына кедергі болды. Оған Иран мен Израиль арасындағы қатынастың дұрыс болмауы да өз септігін тигізді (K.V. Markov. 2004).

Соңғы жылдары нақты айтқанда 2008 жылдан бері, Иран аймақтағы геосаяси орнын нығайту мақсатында Ресейді, Үндістанды, Қытайды және Азияның басқа мемлекеттерін өз айналасына топтастыруға талпынып келеді. Мұндағы мақсат – мұнай мен газ және басқа да әлеуметтік ресурстарды біріктіру арқылы АҚШ-қа қарсы бірлікті қалыптастыру. Ол 2005 жылы ШЫҰ бақылаушы мәртебесін алса, парсы тілді аймақтық конфигурацияны дамытуға байланысты 2010 жылы сәуірде Иран, Ауғанстан және Тәжікстан президенттерінің басын қосқан Парсы елдерінің конференциясын құрды.

Алайда Иранның аймақтағы экономикалық және саяси бәсекелес ретінде танылуы Қытай, Түркия және басқа да елдерінің мүддесіне сай келмейді. Бұл мәселе 2014 жылы НАТО-ның Ауғанстаннан шығуына байланысты Ауғанстанның кең аймаққа, соның ішінде Орталық Азияға тигізетін әсеріне байланысты халықаралық қауымдастық көбірек назар аударған кезеңде тіпті де сезімтал бола түсті. Өйткені, Иран Ауғанстанның ішкі эволюцияның тікелей қатысы бар әрі болашағы үшін маңызды ойыншы. Ауғанстан мәселесінде Иранның Пәкістаннан айырмашылығы Иран Ауғанстандағы мүдделері халықаралық қауымдастықтың мүдделерімен негіздес болуы.

Орталық Азия республикалары ішінде Қазақстанның Иранмен қарым-қатынасы біршама жақсы дамыған. Қазақстан Ақтау теңіз айлағы арқылы Иран порттарында астық тасымалдайды. Түркіменстан да Иранмен шекаралас болғандықтан екі ел арасындағы сауда қатынасы жақсы жолға қойылған. Әсіресе, табиғи газ саласы бойынша. Тәжікстан Иранның маңызды сауда серіктесінің бірі. Ал Өзбекстанның Иранмен қарым-қатынасы өзге елдерге қарағанда нашар дамыған. Оның басты себебі – Өзбекстанның исламдық көтерілістерден сақтануы және АҚШ-пен тығыз қарым-қатынаста болуы еді. Иранның Қырғызстанмен сауда қарым-қатынасы өте төмен.

Орталық Азияның геосаяси жағыдайына қатысты тағы бір маңызды ел – Ауғанстан Ре-

спубликасы. 2021 жылғы жаздағы талифтердің Ауғанстан билігіне келуі Орталық Азия аймағында саяси тұрақсыздыққа әсер етуші фактор ретінде халықаралық қауымдастықты алаңдатып отыр. Халықаралық сарапшылар: Ауғанстанда этникалық тәжіктердің көп болуы Тәжікстанға міндетті түрде әсер етеді және біртіндеп Өзбекстан мен Қырғызстанға да ықпал етеуі мүмкін деген болжайды. Қырғызстан мен Тәжікстан шекара маңындағы елді мекендерде орын алған 2022 жылдың 27 қаңтар күнгі қақтығысты Ауғанстандағы тәжіктермен байланыстыратын болжамдар бар. Алайда, аймақтағы елдердің бәрі бірдей Ауғанстанмен салқын қатынаста деп айту қиын. Мәселен, Ауғанстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-саттық қарым-қатынасы да жақсы дамып отыр.

Ауғанстанмен қарым-қатынас мәселесіне талдау жасағанда, Орталық Азия елдеріне саяси және экономикалық тұрғыда ықпал етуші державалардың мүддесін де ескеру керек. Мәселен, Қытай талибандармен жылы қатынас ұстанып, экономикалық және гуманитарлық жақтан көмек көрсетуге келісіп отыр. Ондағы мақсаты: Ауғанстанмен шектесетін Шыңжаң аймағындағы «Шығыс Түркістан ислам қозғалысына» талибандардың қолдау көрсетпеуін талап ету болып табылады. Ал Ресей талибандармен келісімге келді. Ондағы мүддесі: Талибанды желу ету арқылы Орталық Азиядағы өзінің әскери күшін арттырып, сол арқылы аймақтағы геосаяси ықпалын бұрынғыдан да арттыра түсу. Ал Иран Ауғанстандағы шииттермен діни ынтымақтастығын дамытып отыр. Себебі Иран Пәкістан мен Сауд Арабиясы қолдайтын Талибанның билікке қайта оралуын қаламайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда Орталық Азия аймағындағы елдерге геосаяси және геоэкономикалық тұрғыда ықпал етуші Қытай, Ресей, Үндістан, Түркия, Иран және Ауғанстан мемлекеттерінің аймақтағы тарихи-географиялық, саяси-экономикалық және аумақтық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты ықпалы мен әсер ету бағыты және мақсаты түрліше. Сондықтан олардың әсер ету ауқымын және даму болашағын белгілеуде Орталық Азия елдерінің жалпы экономикалық-географиялық жағдайына талдау жасау арқылы өзара қарым-қатынастары мен даму бағыттарының түрлішелігін айқындау керек. Одан сырт, аймақ

елдерінің өз мақсат-мүдделері мен оған қарама-қайшы немесе сай келетін айналасындағы ықпал етуші ірі мемлекеттердің геосаяси мүдделерінде талдаудың маңызы зор.

Жалпы алғанда зерттелетін нысанның ауқымдылығына байланыстымаңызды түйіндерді төмендегідей бағыттар бойынша жинақтауға болады:

Қытай және Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың басталғанына аз уақыт болса да аймақтағы ең басты ойыншыға айналғанын қазіргі даму жағдайынан көруге болады әрі бұл қарым-қатынастардың Қытайдың пайдасына шешіліп отырғанын және таяу болашақта оның аймақ елдерінің саяси және экономикалық тұрғыда тәуелсіздігіне зор қауіп болатындығын көруге болады;

Ресейдің Орталық Азия аймағына қаратқан геосаяси мүддесінің егемендіктің алғашқы жылдарындай түсіністік пен демократиялық бағытта емес, керісінше Кеңестер Одағын қайта «жаңғырту» бағытына қарай өтіп бара жатқанын көруге болады. Оған Украина аумағына әскери шабуыл жасау арқылы егемендігіне қауіп төндіріп отырған қазіргі жағдайынан байқауға болады. Сондықтан аймақ елдері кезінде қол қойылған келісімдердің күшінің жойылғанын сезініп, жаңаша жол іздеуі қажет екенін түсінуі керек;

Үндістан мен Орталық Азия елдерінің қарым-қатынастары соңғы жылдары қалыптасса да даму болашағының зор екендігін көруге болады. Олардың арасындағы байланыстың дамуы аймақ елдерінің саяси тәуелсіздігіне оң ықпал ететін фактор ретінде қарастыруға болады;

Орталық Азия елдері мен Түркияның, әсіресе түркі тілдес елдер арасындағы қарым-қатынастың даму беталысы соңғы жылдары біртіндеп ауқымды әрі жоғары деңгейдегі бағытқа өту үстінде. Бұған аймақ елдері мүдделі болғанымен айналасындағы барлық ірі елдер

қарсы. Олар түркі тілдес елдердің басының қосылуынан барынша алаңдаулы. Бірақ, бұл ынтымақтастық үдеріс аймақ елдері үшін тәуелсіздікті баянды етудің ең басты әрі сенімді жолы болып табылады.

Иранның Орталық Азия елдерімен байланысы өзіндік ерекшеліктерге ие. Оның таяу келешектегі әсер ету бағытын санкциялардың әсеріне қатысты бағалауға болады. Ал Ауғанстанның әсері де Орталық Азия елдері үшін қазір анық емес. Ол да уақыт еншісінде;

Мүдделер тоғысқан Орталық Азия аймағындағы жүріп жатқан және болашақта орын алатын геосаяси және геоэкономикалық даму мәселелеріне қатысты АҚШ және Батыс елдерінің сыртқы саясатына көптеп байланысты. Оның саясаты өзінің төл мүддесіне сай құбылып отыратыны белгілі.

Алайда Орталық Азия елдері өздерінің саяси тұрақтылығын сақтап қалу үшін көп жақтылы дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға тырысып келеді. Нәтижесінде Еуропалық елдермен, АҚШ -пен және Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен қарым-қатынасты дамытты. Бірақ, Ресейдің империялық саясаты Орталық Азия елдерінің Батыспен арадағы байланысын еркін форматта дамытуына кедергі келтіріп келеді. 2015 жылы ресми құрылған «Еуразиялық экономикалық одақ» Орталық Азия елдерін (Қазақстан, Қырғызстан) Ресейдің саяси интеграциясына барынша терең тартып барады. Әсіресе 2022 жыл басындағы Ресейдің қарулы күштерінің Украин аумағына басып кіруі аймақ емес, тұтас әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр. Соғыс тек қана саяси-әлеуметтік, қаржылық қиындықтардан бөлек экономикалық және рухани жақтанда алаңдатушылық әсер етіп отыр. Орталық Азия елдері тәуелсіздік тұрғысында алаңдай бастады. Бірақ, бұл жағдай отандық экономика мен әскери күштерді барынша дамытудың керек екендігін және халықаралық келісім-шарттардың кез-келген сәтте қағаз күйінде қалатынын ұқтырды.

Әдебиеттер

- Maximilian Hess. Russia and Central Asia: Putin's Most Stable Region?. *Orbis* Volume 64, Issue 3, 2020, Pages 421-433
Advancing Sovereignty and Economic Prosperity. United States Strategy for Central Asia 2019-2025. February 2020
Ақметжанов Д. Алимжанова А. Ұлы Жібек Жолы мәдениеттерінің өзара әсері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Хабаршысы». Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (68). 120-128 б. 2019 ж.
Ashok Sajjanhar. China-Central Asia relations: An uneasy co-existence / Observer Research Foundation MAR 10 2021).
Ma Haitao Sun Zhan. The Measurement of Comprehensive Urbanization Level and Its Dynamic Factors in Five Central Asian Countries. Institute of Geographical Sciences and Natural Resources Research, Chinese Academy of Sciences, Beijing. *Geographical Sciences*. Vol.76, No.2, February, 2021, 367-382 p

- Bates Gill. *China's New Journey to the West: China's Emergence in Central Asia and Implications for U.S. Interests* (CSIS Reports) Paperback – Publisher: Center for Strategic & International Studies «August 20, 2003. – 64 language: English. ISBN-10
Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите глав государств «Центральная Азия – Китай». [https://www.akorda.kz/ru25 января 2022 года\).](https://www.akorda.kz/ru25%20января%202022%20года).strategy2050.kz)
strategy2050.kz
- Timor, A.N. (2000). "Hazar Denizi Bölgesi Petrol ve Doğal Gaz Kaynakları", Coğrafya
- Özey, R. (2006). *Türk Dünyası Coğrafyası Ülkeler, İnsanlar ve Sorunlar*, Aktif Yayınevi, İstanbul.).
<https://www.turkkon.org/tr/turk-konseyi-hakkinda>
- R. Kurmanguzhin, A. Adibayeva. About some obstacles to the Integration of Central Asian States. Philosophy, cultural studies, political science series №4 (70). 2019 <https://bulletin-philopolit.kaznu.kz>
- M.R. Djalili, "L'Iran et la Turquie face à l'Asie centrale," *Journal for International & Strategic Studies* 1 (2008), 13-19.
- S. Hunter, "Iran's Pragmatic Regional Policy," *Journal of International Affairs* 56 (2) (2003): 133-147
- Dmitry Shlapentokh. Turkmenistan and military buildup in the Caspian region: A small state in the post-unipolar era. *Journal of Eurasian Studies* Volume 4, Issue 2, July 2013, Pages 154-159).
- K.V. Markov, "Iran i postsovetskie respubliki Tsentral'noi Azii: tochki pritiazheniia i ottalkivaniia" [Iran and the Post-Soviet Republics of Central Asia: Areas of Rapprochement and Distance] in *Central Asia in the System of International Relations* (Moscow: Institut Vostokovedeniia: 2004), 279-300

References

- Maximilian Hess. (2020) *Russia and Central Asia: Putin's Most Stable Region?*. *Orbis* Volume 64, Issue 3, Pages 421-433
- Advancing Sovereignty and Economic Prosperity. *United States Strategy for Central Asia 2019-2025*. February 2020
- Aqmetjanov D. Alimjanova A. (2019) *Uly Jibek Joly mádeniетteriniń ózara áseri. Al-Farabi atyndaǵy Qazuy-niń "Habarshysy"*. [The interaction of the cultures of the Great Silk Road.] *Filosofia, mádeniетtaný, saiasattaný seriasy*. №2 (68). 120-128 b.
- Ashok Sajjanhar. (2021) *China-Central Asia relations: An uneasy co-existence* / Observer Research Foundation.
- Ma Haitao Sun Zhan. (2021) *The Measurement of Comprehensive Urbanization Level and Its Dynamic Factors in Five Central Asian Countries*. Institute of Geographical Sciences and Natural Resources Research, Chinese Academy of Sciences, Beijing. *Geographical Sciences*. Vol.76, No.2, February, 367-382 p
- Bates Gill. (2003) *China's New Journey to the West: China's Emergence in Central Asia and Implications for U.S. Interests* (CSIS Reports) Paperback – Publisher: Center for Strategic & International Studies «August 20, – 64 language: English. ISBN-10
Prezident Kasym-Jomart Tokayev took part in the summit of the heads of state "Central Asia – China ». [https://www.akorda.kz/ru25 yanuara 2022 goda\).strategy2050.kz](https://www.akorda.kz/ru25%20yanuara%202022%20goda).strategy2050.kz)
- Timor, A.N. (2000). "Hazar Denizi Bölgesi Petrol ve Doğal Gaz Kaynakları", Coğrafya
- Özey, R. (2006). *Türk Dünyası Coğrafyası Ülkeler, İnsanlar ve Sorunlar*, Aktif Yayınevi, İstanbul.).
<https://www.turkkon.org/tr/turk-konseyi-hakkinda>
- R. Kurmanguzhin, A. Adibayeva. (2019) About some obstacles to the Integration of Central Asian States. Philosophy, cultural studies, political science series №4 (70) <https://bulletin-philopolit.kaznu.kz>
- M.R. Djalili, (2008) "L'Iran et la Turquie face à l'Asie centrale," *Journal for International & Strategic Studies* 1 13-19.
- S. Hunter, (2003) "Iran's Pragmatic Regional Policy," *Journal of International Affairs* 56 (2) 133-147
- Dmitry Shlapentokh. (2013) Turkmenistan and military buildup in the Caspian region: A small state in the post-unipolar era. *Journal of Eurasian Studies* Volume 4, Issue 2, Pages 154-159).
- K.V. Markov, (2004) "Iran i postsovetskie respubliki Tsentral'noi Azii: tochki pritiazheniia i ottalkivaniia" [Iran and the Post-Soviet Republics of Central Asia: Areas of Rapprochement and Distance] in *Central Asia in the System of International Relations* (Moscow: Institut Vostokovedeniia: 279-300)